

**ҚАЗАҚСТАН, ӨСКЕМЕН, ШЫҒЫС-ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ ЖӘНЕ ҮНДІСТАН, ҰЛТТЫҚ КАДЕТ КОРПУСЫ АРАСЫНДАҒЫ  
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БОЙЫНША ЕКІ ЖАҚТЫ ТҮСІНІСТІК МЕМОРАНДУМЫ**

Қазақстан, Өскемен, Шығыс-Қазақстан Ұлттық Техникалық Университеті және Үндістан, Ұлттық кадет корпусы (ҰКК), (әрі қарай «Екі жақ» ретінде атаймыз).

Алдағы уақытта Қазақстан мен Үндістан халықтары мен жастары арасындағы достастықты қатайтып және дамытуды КӨЗДЕЙДІ;

Қазақстан, Өскемен, Шығыс-Қазақстан Ұлттық Техникалық Университеті және Үндістан, Ұлттық кадет корпусы (ҰКК) арасында екі жақты ынтымақтастықты жоғарлатып, алға жылжытуға үміттенеді;

Төменде аталғандармен КЕЛІСЕДІ:

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЛАСЫ: 1 БАП**

Екі жақ келесі әрекеттерді жасауға келісті:

1. Екі жақ арасындағы жастар мәселесі жөнінде ақпарат алмасу үшін қолайлы жағдайлар жасап, дамыту.
2. Бір-біріне іссапармен баруды алмастыру жыл сайын екі жақтың шешімі бойынша немесе он күннен, Қазақстанға және Үндістанға ҰКК кадеттері мен құрметті университеттердің әскери кафедра курсанттары жылына 2 рет өзара кездесу үшін делегация 2 жетекшіден және 12 кадеттен тұру, сонымен қатар әр сапар сайын екіден кем емес университеттерге бару қажет.

**ҚАРЖЫЛАНДЫРУ: 2 БАП**

1. екі жаққа әуебилет:
  - делегация үшін екі жаққа халықаралық әуебилеттер бағыттаушы тарапынан төленеді.
2. Тұру, тамақтану және ішкі тасымалдау:
  - Қабылдаушы тарапы бағыттаушыларды өз аумағында алмасу бағдарламасымен күту кезінде тұру, тамақтану, ішкі тасымалдау шығындарына жауап береді.

**ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУ : 3 БАП**

Екі жақты түсіністік туралы меморандумды орындау барысында пайда болған әр түйінді мәселені Екіжақ арасында сөз алмасу өткізу арқылы шешу қажет.

## ТҮЗЕТУЛЕР : 4 БАП

Екі жақ арасында келісім хат алмасу жүргізілген соң ғана кез келген уақытта Екіжақты түсіністік меморандумына түзетулер енгізілуі мүмкін.

## КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ: 5 БАП

Аталған Екі жақты түсіністік меморандумы қол қою күнінен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жыл қолданыста болады. Болашақта Екі жақтың жазбаша келісуі арқылы кезекті кезеңге созылуы мүмкін. Екі жақты түсіністік меморандумы Бір жақпен 3 (үш) ай бұрын жазбаша түрде Екінші жаққа ескертпе бағыттаған соң бұзылуы мүмкін. Аталған Екі жақты түсіністік меморандумы 23 қаңтар 2015 жылы, Астана қаласында, әр қайсысы үнді, ағылшын және қазақ тілдерінде екі данада қол қойылған, әр мәтін бірдей күшке ие (аутентичны). Қандай-да бір себептермен интерпретацияда айырмашылықтар анықталған болса, ағылшын тіліндегі мәтіннің мәнісі жоғарырақ болады.

Қазақстан Республикасы,  
Өскемен, Д. Серікбаев атындағы  
Шығыс-Қазақстан Мемлекеттік  
Техникалық университеті үшін

Аты: Жасұлан Құдайбергенұлы  
Шаймарданов

Лауазымы: Ректор

Үндістан, Ұлттық Кадет корпусы  
үшін

Аты: Джайн Харш Кумар

Лауазымы: Қазақстан  
Республикасындағы Үндістан  
Республикасының Елшілігінің  
Елшісі